



# Электрондық ақша шығару туралы шарт

Осы Электрондық ақша шығару туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) «Kaspi Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк), Шартта көзделген тәртіппен және талаптарда Шартқа қосылған Банктің Клиенті арасындағы [«www.kaspi.kz»](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсында банктік қызмет көрсету шартының аясында Клиентке Электрондық ақшаны шығару, өткізу және өтеу қызметін көрсету талаптарын айқындау мақсатында жасалады.

[«www.kaspi.kz»](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсының көмегімен Операциялар жүргізу [«www.kaspi.kz»](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсындағы Банктік қызмет көрсету шартында және Сайттарда орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ-та электрондық банктік қызмет көрсету ережесінде (бұдан әрі – ЭБТҚ ережесі) белгіленген талаптарда жүзеге асырылады.

## 1. Терминдер мен анықтамалар

**1.1. Шарттың, осы Шарттың аясында жасалатын келісімдердің мақсаты үшін пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар мыналарды білдіреді:**

- 1) **Акцепт** – Клиенттің әрекеттері, оларды жасау Клиенттің Шарт жасасуға ниетін растайды, атап айтқанда, [«www.kaspi.kz»](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсының сайты ашқан кезде сұратылатын ақпаратты енгізу;
- 2) **Үзінді көшірме** – Банк анықтаған кезеңге (Банк кезеңді өз қалауы бойынша айқындайды) Әмиянда көрсетілген Операциялар туралы ақпаратты Клиенттің назарына жеткізу мақсатында Банктің әзірлейтін және Клиентке жолдайтын ақпараттық үзінді көшірмесі;
- 3) **Қолжетімді қалдық** – Әмияндағы электрондық ақша сомасы;
- 4) **«www.kaspi.kz» интернет-ресурсы** – Клиентке Операцияларды қашықтан жүргізуге, сондай-ақ Үзінді көшірмелерді алуға мүмкіндік беретін электрондық банктік қызмет көрсету компоненті;
- 5) **Байланыс арналары** – Интернет киоскіні қосқанда, электрондық пошта (email), пошталық байланыс, [«www.kaspi.kz»](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсы, мобильді банкинг, SMS-хабарлар, телефондар, факс, банкомат, төлем терминалдары, электрондық терминалдар арқылы Банк анықтайтын тәртіппен және талаптарда пайдаланылатын Клиент пен Банктің арасында ақпаратты беру құралдары;
- 6) **Клиент** – Шартта белгіленген тәртіппен, [«www.kaspibank.kz»](http://www.kaspibank.kz) мекенжайында көрсетілген Акцепт жасау арқылы Шартқа қосылған жеке тұлға.
- 7) **Әмиян** – микропроцессор (чип), дербес компьютердің бағдарламалық қамсыздандыруы, Электрондық ақша сақталатын және/немесе оған қолжетімділікті қамтамасыз ететін өзге де бағдарламалық-техникалық құрал;
- 8) **Логин** – [«www.kaspi.kz»](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсындағы пайдаланушының цифрлармен көрсетілген есептік жазбасының аты. Клиенттің телефон нөмірі [«www.kaspi.kz»](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсындағы Клиенттің логині болып табылады;
- 9) **Жеке кабинет** – Клиентке Банк айқындаған электрондық банктік қызмет көрсетуге арналған [«www.kaspi.kz»](http://www.kaspi.kz) мекенжайындағы Интернет желісіндегі парақ, оған қолжетімділік [«www.kaspi.kz»](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсында Клиентті сәйкестендіру және бірдейлендіру арқылы жүзеге асырылады;
- 10) **АЕК** – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіш;
- 11) **Операция** – Үзінді көшірмеде көрсетілуі тиіс Электрондық ақшаны пайдаланып орындалатын кез келген операция;
- 12) **Төлем** – Клиенттің нұсқауын/тапсырмасын орындау және ақшалай міндеттеме бойынша төлемді аяқтау үшін қажетті Операциялардың жиынтығы.
- 13) **Ереже** – Сайттарға орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ электрондық ақша жүйесінің ережесі;
- 14) **ССК** – сауда және сервис кәсіпорны;
- 15) **Тарифтер** – Банктің уәкілетті органы бекіткен, Банк қызметінің ақысын төлеген күні қолданылатын, оның қызметіне байланысты Банктің қызметі үшін төлемдер мен комиссиялардың мөлшерлемелері;
- 16) **Электрондық банктік қызмет** – банктік шот(тар)дағы ақша сомасы туралы, банктік шот(тар) бойынша төлемдер мен ақша аударымдарын жасаумен, банктік шот(тар) ашумен немесе жабумен және/немесе телекоммуникация желілері бойынша, спутник байланысы немесе басқа да байланыс түрлері арқылы банк көрсететін банктік операциялардың басқа да түрлерін жасаумен жүргізілген операциялар туралы ақпарат алу үшін клиенттің өзінің банктік шот(тар)ына қолжетімділік алуына

байланысты қызметтер. Электрондық банктік қызметтер ақпараттық банктік және транзакциялық банктік қызмет болып бөлінеді;

17) **Электрондық ақша** – электрондық нысанда сақталатын және электрондық ақша жүйесіне басқа да Қатысушылар электрондық ақша жүйесінде төлем құралы ретінде қабылдайтын Банктің сөзсіз және кері қайтарылмайтын ақшалай міндеттемелері;

18) **Электрондық ақша жүйесінің операторы** – Электрондық ақшаны пайдаланып операциялар жүргізген кезде жасақталатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қоса алғанда, Электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін Электрондық ақша жүйесіне қатысушы;

19) **Сайттар** – Банктің [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) және [www.kaspibank.kz](http://www.kaspibank.kz) сайттары;

20) **Электрондық ақша жүйесі** – Банктің бағдарламалық-техникалық құралдарының, Электрондық ақшамен төлемдерді және өзге де Операцияларды қамтамасыз ететін құжаттаманың және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың жиынтығы;

21) **Шот** – Клиенттің банктік ағымдағы және/немесе жинақ шоты;

22) **Электрондық ақша жүйесіне қатысушы** – ақша төлемі және (немесе) аударымы жөнінде құқықтары және (немесе) міндеттері бар жеке және заңды тұлғалар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері.

23) **Қайтару операциясы** – Электрондық ақшаны пайдаланып сатып алынған тауарлар/жұмыстар/қызмет үшін ССК-ден ақшаны қайтару операциясы, оның аясында Банкке олардың құнын құрайтын ақша қайтарылады.

## 2. Шарттың мәні

2.1. Шартқа сәйкес Банк Операциялар жүргізу үшін және өзге де мақсаттар үшін Банкпен жасалған тиісті шарттардың талаптарында айқындалған тәртіппен Клиент пайдаланатын Электрондық ақшаны шығарады, өткізеді және өтейді, ал Клиент қызмет көрсету ақысын төлеуге міндетті.

2.2. Электрондық ақша жүйесінің операторы – Банк.

2.3. Клиент Шарт бойынша Банк қызметінің ақысын Банк тарифтеріне сай қолма-қол ақшамен, қолма-қол ақшасыз жасалатын тәртіппен, Банктің Клиенттің банктік шоттарын тікелей дебеттеуі арқылы және/немесе Банктің операциялар жүргізген кезде Клиенттің шотынан, не болмаса Клиенттің Банктегі немесе басқа банктердегі кез келген өзге де банктік шотынан ақшаны акцептсіз тәртіппен алуы арқылы төлейді.

2.4. Клиент Шартқа Сайттарда көрсетілген әрекеттерді жасауы арқылы қосылады.

2.5. Шартқа қосылған Клиент Шартта белгіленген барлық талаптар мен міндеттемелерді қабылдайды және Электрондық ақша жүйесіне қатысушы болады.

2.6. Банк алдын ала хабарламастан, Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген қызметті көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

## 3. Шарт бойынша қызмет көрсету талаптары

3.1. Банкпен Шарт жасасқан Клиентке сатып алынған Электрондық ақшаның есебін жүргізу үшін [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсында Жеке кабинетте Әмиян ашылады.

3.2. [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсындағы қызметке қосылған, бірақ сәйкестендіру рәсімінен өтпеген Клиент Банк оған Электрондық ақшаны шығарғаннан кейін Электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иесі болып табылады.

3.3. Клиентті сәйкестендіру рәсімі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнаманың талаптарына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Банк белгілеген тәртіппен, Клиент ұсынған жеке басты куәландыратын шын құжаттың түпнұсқасы бойынша жүргізіледі.

3.4. Шартқа сәйкес сәйкестендіру рәсімінен өткен Клиент Электрондық ақшаның сәйкестендірілген иесі болып табылады.

3.5. Электрондық ақшаны сатып алу және өтеу және Әмиянға қолжетімділік алу Интернет желісі және/немесе өзге де Байланыс арнасы арқылы Клиентпен жасалған шарттардың талаптарына және Ережеге сәйкес жүргізіледі.

3.6. Клиенттің Әмиянды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, не болмаса кірісті жасыру мақсатында пайдалануға құқығы жоқ.

3.7. Осы Шартта Клиент пен мәмілелер жөніндегі ССК айқындайтын және тауарларды жеткізу және/немесе сату (жұмыстарды орындау, қызмет көрсету) талаптарына, олардың сапасына және т.с.с. қатысты талаптардың мазмұны қамтылмайды және өзгертілмейді. Мұндай мәмілелерді жасасқан және орындаған кезде заңнама нормаларын сақтау жауапкершілігі мәмілелерге қатысушылардың өздеріне жүктеледі.

## 4. Электрондық ақшамен Операциялар жүргізу тәртібі

4.1. Егер Клиенттермен жасалған шарттардың талаптарында немесе Ережеде өзгеше белгіленбесе, Банк Электрондық ақшаны Клиенттерден алынған ақша сомасының шегінде шығарады.

4.2. Клиент Электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иесі болған жағдайда, Клиентке Электрондық ақша АЕК-тің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын сомада шығарылады.

4.3. Электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иесі 4.2-тармақта көрсетілген лимитке жеткен кезде, Клиент сәйкестендіру рәсімінен өтуге міндетті, олай болмаған жағдайда Банк Электрондық ақша шығарудан бас тартуға құқылы.

4.4. Егер Ережеде өзгеше белгіленбесе, Электрондық ақша клиенттің банктік шотына Банктің ақша аударуы немесе Банк кассасында қолма-қол ақша беру арқылы өтеледі.

Бір жылдан астам Операциялар болмаған жағдайда Электрондық ақша Клиенттің өтеуіне ұсынылған болып саналады. Бұл жағдайда Банк Клиенттің Банктегі кез келген банктік шотына ақша аудару арқылы Клиенттің электрондық ақшасын өтейді. Ақшаны Шотқа Шоттың валютасынан өзгеше валютада аударған жағдайда, мұндай аударым ұлттық валютаны Шоттың валютасына айырбастау арқылы аударым жүзеге асырылған сәтте Банк белгілеген валютаны айырбастау бағамы бойынша жүзеге асырылады.

4.5. Банк Электрондық ақшаны Клиент Шартқа сәйкес сәйкестендіру рәсімінен өткен жағдайда ғана өтейді.

4.6. Егер осы Шартта және/немесе Ережеде өзгеше белгіленбесе, Электрондық ақшаны пайдалану арқылы Төлемдер Клиенттің нұсқауымен оларды бенефициарға беру арқылы жасалады.

4.7. Электрондық ақшаны пайдалану арқылы орындалатын төлемді немесе ақша аударымын растайтын құжаттар «[www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz)» интернет-ресурсының пошта жүйесіндегі Клиенттің электрондық пошта мекенжайына және/немесе қысқа мәтіндік және/немесе мультимедиялық хабарлар арқылы Клиент көрсеткен телефон нөміріне жіберу арқылы электрондық тәсілмен Клиентке жолданады.

**4.8. Электрондық ақшамен Операциялар Операцияны сомасы бойынша мына шектеулерді ескере отырып жүргізіледі:**

4.8.1. Операциялар жүргізген/Төлем жасаған кезде Электрондық ақшаның сәйкестендірілген иелері – шектеусіз жүргізілетін электрондық ақшаны өтеу Операцияларын қоспағанда, бір Операция үшін көп дегенде 500 АЕК;

4.8.2. Электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иелері – көп дегенде 100 АЕК.

4.9. Электрондық ақшаны беру арқылы Төлемдер Клиенттер мен Банктің Электрондық ақша жүйесіне қатысушылар болып табылатын ССК арасында ғана жасалады.

4.10. Клиент «[www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz)» интернет-ресурсында Операциялар жүргізу не Клиенттің Банкке тиісті Өтініш білдіруі арқылы Электрондық ақшаны өтеуге ұсынады.

4.11. Банк Қайтару операциясының негізінде ақша алған жағдайда, Банк өңдеген күні осындай Қайтару операциясы бар болса, мұндай қайтару Операциясының сомасына Электрондық ақша шығарылады, бұл ретте мұндай сомаға сондай-ақ сәйкесінше Клиенттің алдындағы Банктің міндеттемесі және Клиенттің Банкке қоятын талап ету құқығы көбейеді, не болмаса бұрын шығарылған Электрондық ақша сомасына балама сома Клиенттің банктік шотына аударылады.

## 5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 5.1. Банктің:

1) егер Клиенттің Әмиянындағы Қолжетімді қалдық сомасы Операцияларды/Төлемді жүргізуге және Тарифтерде көзделген комиссияларды есептен шығаруға жеткіліксіз болған жағдайда, Операцияларды/Төлемді жүргізуден бас тартуға;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиенттің Әмиянын пайдалану арқылы Операцияларды/Төлемдерді жүргізуді тоқтата тұруға;

3) төлем деректемелерін көрсеткен кезде Клиенттің жіберген қатесі анықталған жағдайда, Клиент Банкке қажетті құжаттарды/деректемелерді бермегенде немесе толық жиынтығын бермегенде, сондай-ақ Операция/Төлем Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және Шарттың талаптарына қайшы келген жағдайда, сондай-ақ заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада көзделген жағдайларда, Клиенттің тапсырмасын орындамауға;

4) Операцияны жүргізуден бас тартуға және Клиент Шарттың, «[www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz)» интернет-ресурсындағы Банктік қызмет көрсету шартының талаптарын және [www.kaspibank.kz](http://www.kaspibank.kz) сайтында анықталған электрондық банктік қызмет көрсету ережелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ Шартта көзделген өзге жағдайларда, «[www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz)» интернет-ресурсында көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті тосқауылдауға;

5) Клиенттен құжаттарды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес валюталық бақылауды жүзеге асыруға қажет басқа да ақпаратты сұратуға;

6) [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсындағы Электрондық ақшаны пайдалану арқылы орындалатын Операциялар/Төлемдер бойынша шектеулерді біржақты тәртіппен белгілеуге және өзгертуге және/немесе Шарттың талаптарын өзгертуге;

7) Шартта көзделген тәртіппен Клиентті сәйкестендірген кезде оның телефон нөмірінің тиесілілігін айқындау мақсатында Клиенттің мобильді (ұялы) байланыс операторымен жасалған шартты беруін талап етуге құқығы бар.

8) Банк Клиентке Шартта, Шарт жасасқан сәттегі Тарифтерде көзделмеген жаңа қосымша, соның ішінде ақылы қызметтерді ұсынуға және мұндай қызметтерге Тарифтердің мөлшерлемелерін белгілеуге құқылы. Бұл жағдайда Банк мұндай жаңа қызметтерді көрсету талаптарын Сайтта орналастыру арқылы және (немесе) Клиенттерге Kaspi.kz-тің функционалы арқылы жаңа қызметтерді алу мүмкіндігін беру арқылы Клиентке қосымша қызметтерді көрсету (қосу) ұсыну туралы хабарлама жолдайды. Клиентке жаңа қосымша қызметтер Клиент жарияланған қосымша қызметтерді көрсету талаптарында көзделген қызметтерді, соның ішінде [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) Интернет-ресурсы арқылы алу бойынша әрекеттерді жасау, Банктің талаптарында көзделген тәсілдермен ақпаратты сұрату сияқты әрекеттерді жасаған жағдайда көрсетіледі (қосылады).

#### **5.2. Клиенттің:**

- 1) [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсын пайдаланып, Үзінді көшірмелер алуға;
- 2) Әмияндағы Электрондық ақшаның қалдығы шегінде Электрондық ақшаны пайдалану арқылы орындалатын Операциялар/Төлемдер жүргізуге;
- 3) Шартқа және/немесе Банктің тарифтеріне Банктің енгізетін өзгерістерімен және/немесе толықтыруларымен келіспеген жағдайда, Шартты бұзуға;
- 4) өтеу үшін Электрондық ақша ұсынуға;
- 5) кез келген сәтте Шартты бұзғысы келетіні туралы Банкке Шартты бұзатын болжамды күнге дейін 30 (отыз) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлауға құқығы бар.

#### **5.3. Банк:**

- 1) осы Шартқа өзгерістер енгізу туралы аталған өзгерістер қолданысқа енгізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 күн бұрын хабарламаны Банктің сайттарына орналастыра отырып, Клиентке хабарлауға;
- 2) [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсында ресімделген Клиенттің Электрондық ақшаны пайдалану арқылы орындалатын Төлемдер жүргізу туралы өкімдері мен тапсырмаларын орындауға;
- 3) Клиенттердің өтініштерін қабылдауға міндеттенеді.

#### **5.4. Клиент:**

- 1) Банкке Электрондық ақшаны пайдалану арқылы орындалатын Операциялардың/Төлемдердің жүргізілгені туралы қажетті құжаттар мен ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен беруге (заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және жылыстатуға қарсы іс-қимыл);
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және Шартқа сәйкес Банктегі Шоттарда сақтаулы ақшаға билік етуге;
- 3) Банкке Банктің тарифтеріне сай комиссиялық сыйақы төлеуге;
- 4) [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсында қызметті алған кезде вирустары/тройандары және өзге де зиян келтіретін/ықтимал зиян келтіретін бағдарламалары жоқ техникалық жарамды жабдықты пайдалануға міндеттенеді.

## **6. Тараптардың жауапкершілігі**

6.1. Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жауапкершілік атқарады.

6.2. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін бұзған жағдайда, тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеу және шығындар мен шығыстарды өтеу Шарт бойынша тиісті міндеттемелерді тиісті түрде орындау міндетінен босатпайды.

6.3. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың алдында байланыс жүйелерінің немесе жабдықтың кез келген бүлінуінен немесе істен шығуынан туындаған қандай да бір тікелей немесе жанама залал немесе шығын үшін немесе табиғи катаклизмадан, апаттардан, қоғамдық тәртіпсіздіктерден немесе Тараптардың еркінен тыс басқа себептерден туындаған қызмет көрсетудегі үзілістер үшін жауапкершілік атқармайды. Егер осындай жағдайлардың кез келгені Шартта белгіленген мерзімде міндеттемелерді орындауға тікелей әсер етсе, онда бұл мерзім тиісті жағдайдың әрекет ету уақытына ұзартылады. Қазақстан Республикасының уәкілетті органының форс-мажор жағдайларының туындауын растайтын жазбаша куәлігі форс-мажордың дәлелдемесі болады.

#### **6.4. Шарттың талаптары бұзылған жағдайда, Банктің мынадай шаралардың бірін қолдануға:**

- 6.4.1. қызмет көрсетуді шектеуі мүмкін екенін ескертуге;
- 6.4.2. қызмет көрсетуді шектеуге және (немесе) тоқтата тұруға;
- 6.4.3. [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсына кіруге тосқауыл қоюға;
- 6.4.4. Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.

6.5. Банк электр энергиясының ажыратылуының, байланыс желілерінің зақымдалуының, сондай-ақ Клиенттің анық, толық немесе нақты нұсқауларын бермеуінің салдарынан туындайтын қатенің, дұрыс түсіндірмеудің және т.с.с., үшінші тұлғалардың төлемдерді орындамауының немесе орындауды кешіктіруінің нәтижесінде, Клиенттің Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзуының нәтижесінде және Банкке байланысты емес басқа да себептермен туындаған төлемдерді орындамағаны немесе орындауды кешіктіргені үшін жауапкершілік

атқармайды. Банк Банкке байланысты емес себептерден туындаған және Клиенттің Банктің хабарламаларын және Үзінді көшірмелерді уақтылы алмауына немесе алмауына әкеп соқтырған интернеттің, поштаның, байланыс желілерінің жұмысындағы жаңылысулар үшін жауапкершілік атқармайды. Банктің Шарттың талаптарын орындамауына әкеліп соқтырған техникалық жаңылысулар (электрмен қоректендірудің және байланыс желілерінің ажыратылуы/зақымдалуы, Банктің деректер базасын бағдарламалық қамсыздандырудағы жаңылысулар, төлем жүйелеріндегі техникалық жаңылысулар) болған жағдайда, Банк мүліктік жауапкершіліктен босатылады.

6.6. Құжаттарды ресімдеген кезде Клиенттің жіберген қателері үшін және «[www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz)» интернет-ресурсында қызметті пайдаланған кезде телефон нөмірлерін, деректемелерін қате көрсеткені үшін Банк жауапкершілік атқармайды.

## 7. Қауіпсіздік рәсімдері

7.1. «[www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz)» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсеткен кезде қолданылатын қауіпсіздік рәсімдері [www.kaspibank.kz](http://www.kaspibank.kz) сайтында орналастырылады.

7.2. Банк Клиентке хабарлайды, ал Клиент үшінші тұлғалардың Электрондық ақшаны пайдаланып, Клиент рұқсат бермеген Операцияларды жүргізуі қауіп бар екенін түсінеді және қабылдайды.

7.3. Клиенттің Әмиянын пайдаланып рұқсатсыз операция жүргізу тәсіліне қарамастан, Банк Клиенттің алдында мұндай рұқсатсыз операция жүргізілгені үшін жауапкершілік атқармайды.

## 8. Шарттың қолданылу мерзімі

8.1. Шарт мерзімсіз қолданылады және оны кез келген Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Шартта көзделген тәртіппен бұзуы мүмкін.

8.2. Клиент «[www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz)» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсетуден бас тартқан жағдайда, қызметті өшіру қызметті өшіру туралы жазбаша өтініштің негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте Тараптардың барлық қаржылық және өзге де міндеттемелері толық көлемде орындалуы тиіс.

8.3. Әмиянда бір жылдан астам Электрондық ақша болмаған жағдайда Шарттың қолданысы тоқтатылады.

## 9. Дауларды шешу

9.1. Тараптардың арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер Тараптар келіссөздер арқылы өзара келісімге келмесе, даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

### 9.2. Шиеленісті жағдайлар туындаған кезде Тараптар мынадай іс-әрекеттер жасайды:

9.2.1. Клиент мекенжайын, телефон нөмірін, шағымының мазмұнын және өзге де ақпаратты көрсетіп, [help@kaspi.kz](mailto:help@kaspi.kz) электрондық мекенжайына жазбаша түрде хабарлама жолдайды немесе Банктің Call Center-іне 8-727-258-59-55 (Алматы үшін) және 8-800-080-18-00 (бүкіл Қазақстан үшін) телефондары бойынша телефон соғады;

9.2.2. Банк Клиенттің өтінімін **азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде** қарайды;

9.2.3. Банк Клиентке жауабын Банкке жолданған хабарламада көрсетілген мекенжайға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жазбаша түрде жолдайды.

## 10. Қорытынды ережелер

10.1. Шартта тікелей көзделген жағдайлардан басқа, Тараптардың Шарт бойынша бір-біріне жолдайтын барлық хабарламалары және (немесе) хабарлары жазбаша түрде жасалып, оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса және тапсырысты хатпен немесе курьерлік қызмет арқылы жіберілсе немесе Шартта көрсетілген Тараптардың мекенжайлары бойынша жеке қолға берілсе (олардың алынғаны туралы белгісімен), олардың күші болады және жеткізілген болып саналады.

10.2. Шартта реттелмеген барлық басқа өзара қарым-қатынастар Тараптардың арасындағы бөлек шарттар және (немесе) қосымша келісімдер арқылы анықталады.

10.3. Банк Шарттың талаптарына өзгерістерді немесе толықтыруларды біржақты тәртіппен, өзгерістерді немесе толықтыруларды немесе Шарттың жаңа редакциясын Сайттарға жариялау арқылы енгізеді.

10.4. Шарттың талаптарына өзгерістерді немесе толықтыруларды енгізген жағдайда, Клиент өзгерістерді немесе толықтыруларды енгізген күннен бастап он төрт күннен кешіктірмей Шарттың 11-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Банкке жазбаша хабарлама жолдап, Шарттан бас тартуға құқылы. Интернет-ресурсты пайдалану немесе Операциялар жүргізу арқылы Клиент Шарттың жаңа талаптарымен өз келісімін растайды.

10.5. Шарттың талаптары қосымша келісім ретінде Банк пен Клиенттің арасында бұрын жасалған шарттармен реттелетін Банк пен Клиенттің арасындағы қарым-қатынастарға қолданылады.

10.6. «[www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz)» интернет-ресурсына кірген кезде ақпарат енгізу Ақцепт болып табылады және Шарт сұратылатын ақпарат Клиент енгізген сәттен бастап жасалған болып саналады. Клиент Ақцептісі Шарттың және Ереженің талаптарымен келісімін растайды.

10.7. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Шарттың мәтіндерінде алшақтықтар туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтін басым болады деп санауға келісті.

## 11. Банктің деректемелері:

**Мекенжайы:** 050013, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154 «А», БСН 971240001315,  
ҚР ҰБ МОЕБ-дағы ЖСК KZ69125KZT1001300249, БСК NBRKKZKX, КБе14.

\*\*\*